

**"Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы № 97
бұйрығына өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 28 қарашадағы № 852 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2014 жылы 29 желтоқсанда № 10033 тіркелді.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз

"Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" 1996 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 11-тармағына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 5 шілдедегі Қылмыстық-атқару кодексінің 171 және 172-баптарына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы № 97 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3505 болып тіркелген, "Юридическая газета" газетінде 2005 жылғы 4 қарашада № 204-205 (938-939) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Облыстардың, Астана, Алматы қалаларының, Көліктегі ішкі істер департаменттерінің бастықтары:

1) сынақтар қабылдай отырып, әкімшілік полиция, криминалдық полиция, ақпараттық-аналитикалық орталықтар бөлімшелері жеке құрамының осы Ережені әскери және қызметтік даярлық жүйесінде зерделеуін;

ішкі істер органдарының әкімшілік полиция, криминалдық полиция және ақпараттық-аналитикалық орталықтар бөлімшелерінің арасында әр тоқсан сайын әкімшілік қадағалау орнатылған адамдардың есебін салыстыра тексеруді, сондай-ақ жедел кеңестерде қарай отырып, рецидивтік қылмысқа қарсы күрес жөніндегі жұмыстың жай-күйі мен нәтижелерін талдауды ұйымдастырсын;

2) әкімшілік қадағалауда тұратын және соттылық белгілері бойынша "Бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды әкімшілік қадағалау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) қолданысына түсетін адамдардың тарапынан қадағалау ережелері мен белгіленген шектеулерді бұзуды анықтау мақсатында қоғамдық тәртіпті қорғауға түсетін патрульдік жасақшаларының олардың тізімімен;

соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдарға қажетті есепке алу материалдарын ашу, оларды ашудың негізділігіне, толықтығына және профилактикалық жұмыстың нәтижелеріне комиссиялық тексеруді жүзеге асыруды;

ойластырылып, дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы ақпаратты уақтылы алу, әкімшілік қадағалауда тұрған және соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдардың қылмыстық әрекетінің алдын алу және жолын кесу, әкімшілік қадағалаудан жалтарып жүрген адамдарды іздестіру мақсатында оларға бақылау жүргізуде жедел-іздестіру мүмкіндіктерін белсенді пайдалануды;

әкімшілік қадағалау орнатылуы мүмкін адамдарға қатысты ақпарат алу мақсатында олардың мінез-құлқы мен өмір салты туралы жедел хабардар болуды арттыру жөніндегі қосымша шараларды әзірлеу және жүзеге асыру үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қылмыстық-атқару жүйесі органдарымен өзара іс-қимыл жасасуды;

әкімшілік қадағалауда тұрған адамдар қасақана жасаған қылмыстың әрбір фактісі бойынша анықталған кемшіліктерді жою және қадағаланушылармен жүргізілетін жеке профилактикалық жұмыстың тиімділігін арттыру жөнінде шаралар қабылдай отырып, қызметтік тексеру жүргізуді қамтамасыз етсін.";

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Ақпараттық-аналитикалық орталығы (Р.Н. Закаргаева) әкімшілік қадағалауда тұрған және соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдарды орталықтандырылған есепке алуды қамтамасыз етсін.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) жүктелсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу ережесінде:

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Участкелік инспектор мекемеден хабарлама, сондай-ақ әкімшілік қадағалау орнату туралы қаулыны алған сәттен бастап тәулік ішінде Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге шығуға тыйым салуға Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізу үшін тапсырма жоспарын толтырады (Ережеге 2-қосымша) және "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесіне енгізу үшін облыстардың, Астана, Алматы қалаларының Ішкі істер департаменті Әкімшілік полиция басқармасына жолдайды.

Таңдаған тұрғылықты жеріне келгеннен және қадағалаудағыны есепке қойғаннан кейін участкелік инспектор оған тұрғылықты жері бойынша тіркеу ережесін сақтау туралы ескертеді және уақтылығын бақылайды, бас бостандығынан айыру орындарынан жіберілген ақпараттық-іздеу картасында (бұдан әрі – Т-АІК) көрсетілген

деректердің шынайылығын тексереді, Заңның 7-бабында көзделген шектеу орнату туралы өз ұсыныстарын ішкі істер органының бастығына баяндайды, қадағалаудағыға байланыс сызбасын (3-қосымша) толтырады.

Қадағаланушының сырт пішінінің өзгеруі (татуировкалар), тұрғылықты жерінің, жұмысқа орналасуының өзгеруі туралы ақпарат түзету парағына енгізіледі және ақпараттық-аналитикалық орталықтың бөлімшелеріне (бұдан әрі - ААО) бір тәулік ішінде жіберіледі. Сол сияқты қадағаланушыға байланысты барлық өзгерістер ААО түзету парағымен хабардар етіледі.

Аса қауіпті қылмысты қайталап жасаған адам деп танылған қадағаланушыға үш жұмыс күн ішінде оның тұрғылықты жері туралы жазбаша хабарлама дайындалады және ААО-ға (4-қосымша) жіберіледі.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдар таңдаған тұрғылықты жеріне келген соң мұндай адам келген учаскенің учаскелік инспекторы босатылған адаммен әңгімелеседі, бас бостандығынан айыру орындарынан келіп түскен ақпараттық іздеу карточкасында көрсетілген деректердің дұрыстығын салыстырады және оны есепке қойылған күннен бастап үш күннің ішінде ААО-ға жібереді (егер бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кезде оған ақпараттық-іздеу карточкасы толтырылмаса, онда оны учаскелік инспектор толтырады), оған тұрғылықты жері бойынша тіркеу ережелерінің сақталуы үшін жауапкершілігі туралы, қоғамдық тәртіпті бұзған немесе өзге де құқық бұзушылықтар жасаған жағдайда, әкімшілік қадағалау орнату мүмкіндігі туралы оны қолхатпен ескертеді. Одан кейінгі барлық өзгерістер туралы ААО түзету парағымен хабардар етіледі.";

14-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Қадағалау ісіне бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаны туралы анықтаманың, сот үкімдерінің көшірмелері (олар болмаған жағдайда учаскелік инспектор түзеу мекемесіне сұрау салады), соттылығын тексеру талабы және "Қазақстан Республикасы ИМ Web интерфейс" "Есептегі элемент" есебінің басып шығарылған электрондық карточкасы жолданады.";

15-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Қадағаланушының бас бостандығынан айыру орындарынан босаған күнінен бастап үш жыл өткен соң оған арналған қадағалау ісі Ішкі істер министрі айқындаған тәртіпте оны кейіннен тізімдік есепке ауыстырумен тоқтатылады.";

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Есепте тұрған адамның жаңа тұрғылықты жерге көшуі туралы ААО түзету парағымен хабарланады, ал қадағалау ісі және Т-АІК ол тіркелуі тиіс жердегі ішкі істер органына жіберіледі. Есепте тұрған адамның жаңа мекенжай бойынша тіркелгені туралы да ААО түзету парағымен хабарланады.";

25-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"25. Учаскелік инспектор қадағалау ісінің барлық материалдары тігілетін әкімшілік қадағалау ісін ресімдейді, әкімшілік қадағалау істерін және ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа келген қадағаланушыларды тіркеу журналының бірінші бөліміне есепке алады.";

31-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"31. Қадағаланушыға тіркелу үшін ішкі істер органына келу түріндегі шектеу белгіленген жағдайларда ішкі істер органы бастығының нұсқауы бойынша мұндай тіркеуді учаскелік инспекторларға басшылық жасау жөніндегі әкімшілік полиция бөлімшесінің қызметкері, учаскелік инспектор, ішкі істер органы бойынша кезекші жүзеге асырады, бұл туралы арнайы тіркеу парағына (11-қосымша) белгі қойылады.";

38-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Қадағаланушы басқа ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа келісімен әкімшілік полиция бөлімшесінің қызметкері, ал ол болмаған жағдайда учаскелік инспектор немесе ішкі істер органы бойынша кезекші әкімшілік қадағалау істерін және ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа уақытша тұру үшін келген қадағаланушыларды тіркеу журналының екінші бөліміне тіркейді, бір тәулік ішінде бұл адам тұратын аумаққа қызмет көрсететін учаскелік инспекторға қадағаланушының келгені және кеткені туралы хабарлайды, бағыттық парағына тиісті белгілер қояды, оларды ішкі істер органының мөрімен (мөртабанымен) растайды.";

41-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"41. Әкімшілік қадағалауда тұрған адам тұрақты тұратын жерін ауыстырған жағдайда қадағалауды жүзеге асыратын учаскелік инспектор бұл туралы қадағаланушының жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органына хабарлайды (16-қосымша).

Қадағаланушының жаңа тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органы үш күн мерзім ішінде сұрау салуға, ал бұрынғы тұрғылықты жері бойынша ішкі істер органы салынған сұрау бойынша сол адамға әкімшілік қадағалау ісін жіберуге міндетті. Әкімшілік қадағалау ісін алушы ішкі істер органы үш күн ішінде қадағаланушының тұрғылықты жерін ауыстырғаны туралы Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің "Бүркіт" бірыңғай ақпараттық жүйесіне түзету енгізеді.

Осыған ұқсас түзетулер "Бүркіт" БАЖ-ға қадағаланушыны бас бостандығынан айыруға соттаған кезде және қайтыс болған жағдайда жүргізіледі.";

44-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"44. Қылмыстың аса қауіпті рецидивін жасаған адам таңдап алған тұрғылықты жеріне белгіленген мерзімде келмеген жағдайда учаскелік инспектор бес күн мерзім ішінде бұл туралы ААО-ға хабарлайды.";

45-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"45. Әкімшілік қадағалау орнатылған адам заңда белгіленген мерзімде таңдаған тұрғылықты жеріне келмеген жағдайда ішкі істер органдары оның болған жерін және келмеу себебін анықтау бойынша бастапқы іс-шаралар жүргізеді.

Көрсетілген адамның болған жері анықталмаған жағдайда ішкі істер органдары сотқа дейінгі тергеуді бастайды, бұлтартпау шарасын тандай отырып, оны іздестіруге жариялайды";

47-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"47. Әкімшілік қадағалау Заңның 14-бабында көрсетілген негіздер бойынша тоқтатылады. Егер қадағаланушы бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалау шарасына сотталған болса, онда оның өмір сүру салтын және мінез-құлқын қадағалау пробация қызметімен өзара іс-қимыл жасаса отырып, жүзеге асырылады.";

50-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"50. Заңды белгіленген тәртіппен әкімшілік қадағалау тоқтатылған адамдарды немесе соттылық белгілері бойынша Заңның қолданысына түсетін адамдарды бас бостандығынан айыру орындарынан босаған уақыттан бастап үш жыл мерзім өткеннен кейін учаскелік инспекторлар Ішкі істер министр айқындаған тәртіпте бұрын сотталғандар ретінде тізімдік есепке қояды.";

1-қосымшада:

Әкімшілік қадағалау ісіндегі құжаттар тізбесінде:

19-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"19. Ішкі істер органдарына жіберілетін хабарламалардың (түзету парақшаларының), "Бүркіт" БАЖ-ға енгізу туралы тапсырма-жоспардың көшірмелері";

6-қосымшада:

әкімшілік қадағалау істерін және қалалық, аудандық ішкі істер органы қызмет көрсететін аумаққа уақытша тұруға келген қадағаланушыларды тіркеу журналында:

бірінші бөлігінде:

6-баған мынадай редакцияда жазылсын:

"Бүркіт" БАЖ-ге енгізу күні;

7-қосымшада:

Әкімшілік қадағалау ісіндегі құжаттар тізбесінде:

9-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"9. Ішкі істер органдарына жіберілетін хабарламалардың (түзету парақшаларының) көшірмелері.";

ережелерге 2, 4-қосымшалар осы бұйрыққа 1, 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

17-қосымша алынып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитеті (И.В. Лепеха):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік 10 күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Әкімшілік полиция комитетіне (И.В. Лепеха) жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануы тиіс.

Министр

полиция генерал-лейтенанты

Қ. Қасымов

"Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы № 97 бұйрығына өзгерістер

мен

толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2014 жылғы 28 қарашадағы

№ 852 бұйрығына

1-қосымша

Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу ережесіне

2-қосымша

Нысан

Бекітемін

Тапсырма

Тапсырманың мақсаты: Қазақстан Республикасынан шығуды жабу

Тапсырма негізі: _____ (сілтеме) _____

Тапсырманың жарамдылық мерзімі I _ I _ II _ I _ II _ I _ I _ I _ I дейін

(ӘҚ-ның аяқталған күні) (күні) (айы) (жылы)

Тегі кириллица _____

латынша _____

Аты кириллица _____

латынша _____

Әкесінің аты кириллица _____ фотоның орны

латынша _____

Туған күні I _ I _ II _ I _ II _ I _ I _ I _ I

(күні) (айы) (жылы)

Жыныс _____

Азаматтығы _____

Ұлты _____

Туған күні _____

(облысы, елді мекені)

Туған жері _____

Адам туралы қосымша деректер: _____

табылған жағдайда кімге хабарлау керек

Жұмыстан тыс уақытта:

Процессуалдық сипаттағы қандай шараларды жүргізу қажет: _____

Кім санкциялады: _____

Бастамашы:

(мемлекеттік орган)

(бөлімше)

(лауазымы)

(қолы) (тегі, аты-жөні) (телефоны)

Толтырған күні I__ I__ II__ I__ II__ I__ I__ I__ I__
(күні) (айы) (жылы)

"Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2005 жылғы 11 ақпандағы № 97 бұйрығына өзгерістер

мен

толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы

Ішкі істер министрінің

2014 жылғы 28 қарашадағы

№ 852 бұйрығына

2-қосымша

Әкімшілік қадағалауда тұрған адамдарды есепке алу ережесіне

4-қосымша

Нысан

ААО бастығы

ІД, ҚАІБ атауы

мекенжайы

Аса қауіпті қылмыс рецидивін жасаған адам деп танылған _____

тегі, аты және әкесінің аты,

туған күні мен туған жері

200__ жылғы " __ " _____ тіркелген, кеткен, тіркелген

жерін өзгертті және қазіргі уақытта _____

мекенжайы бойынша тұрып жатқандығы (жерегін сызыңыз) жөнінде хабарлаймын.

Бастық _____

қалалық, аудандық ішкі істер органының

атауы

атағы, қолы, тегі және аты-жөні

200__ жылғы " __ " _____

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК